

С.Ж АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы

СӨЖ

Тақырып: Тағамдық уланулар мен токсикоинфекция
қоздырғыштары

Орындаған: Наметкул С

Қабылдаған: Бейсегулова Г

Алматы 2016ж

Жоспар:

- Тағамдық уланулар
- Уланудың себептері
- Тағамдық уланулардың симптомдары
- Асқынулар
- Алдын алу шаралары
-

Тағамдық уланулар



Бактериялар, вирустар, ұсақ жануарлар немесе өсімдіктермен (мәселен планктон саңырауқұлақтармен, паразиттермен немесе уыттармен зақымдалған шикі өнімдерді адамдар пайдалану салдарынан болуы мүмкін). Алайда барлық жағдайда осындай өнімдерді пайдаланған адамдар ауру болады деп санауға болмайды. Бір адамдар ауруға тұрақты болып келсе, кейбіреулері аурумен зақымдалып, аурудың ауыр түрімен ауырыды. «Тағамдық улану» гастроэнтерит терминімен синоним ретінде жиі қолданылады, алайда екеуі бірдей ұғымды білдіре бермейді. Гастроэнтерит түрлі факторлардың әсерінен, сонымен қатар тағамдық уланулар салдарынан болатын асқазан мен ішектің қабынуы

Улану себептері

- Бактериялар және басқа да тағамдық жұқпа қоздырғыштары әр түрлі себептермен тағам өнімдеріне түседі, мәселен олар өнімді сатып алып жатқан кезде де сонда болуы мүмкін. Пластикке оралған өнімдердің өзі зақымдалуы ықтимал. Сатушылардың лас қолдары немесе өнімдер жатқан ыдыстардың таза болмауы жұқпаның негізгі көзі болуы мүмкін. Жеткілікті түрде термиялық өңдеуден өтпеген (шикі немесе жартылай шикі) сонымен бірге тоңазытқышта немесе бөлме температурасында ұзақ уақыт бойы сақталынатын тағамдар қауіпті.

Тағамдық уланулардың симптомдары



- Ішек жұқпасының симптомдарына жүректің айнуы, құсу, диарея, іштің жиі ауруы мен түйіліп ауруы жатады. Кейде бұл сипаттар бір екі күнге созылып, арнайы терапияны қажет етпеуі мүмкін. Егер бірнеше күн бойы аталған белгілер кетпесе, (ауыз қуысы құрғаса, бас айналса, несептің түсі сарғыштау болса немесе оның көлемі үлкен болса, жиі дәретке бара берсе) дәрігерге қаралу қажет.

Келесі жағдайларда жедел жәрдем қызметін шақырыңыз немесе ауруханаға барыңыз:

- балада, жүкті әйелде, созылмалы аурулары бар адамда немесе егде адамда тағамдық улану болған жағдайда;
- көздің көруі анық болмаса, жұтынуға, сөйлеуге қиындық туса (бұл ботулизмнің өнімдерді дұрыс консервілемеу салдарынан болатын өте бір сирек түрі болу мүмкін)

Асқынулар:



- Кейбір дене мүшелерінің құрғақ тартуы (ерін мен тілдің құрғауы, теріні бүктеуге болатындай жағдайға келуі, соның салдарынан кейін олар ақырын жиналады, көз шүңірейеді, қатты шөлдейді, жиі демалады және несеп шығаруы әлсірейді);
- Ботулизм жағдайында респираторлы жолдардың салдануы болады;
- Ботулизм салдарынан өлу жағдайлары өте сирек кездеседі.

Алдын алу шаралары:

- - тағамды дайындаудан бұрын және шикі мал еті мен құс етін ұстағаннан кейін қолыңызды жақсылап сабынмен жуыңыз;
 - көкөністерді және жемістерді жақсылап жуыңыз;
 - шикі еттерді кесу үшін және басқа да өнімдерге оларды пайдалану үшін тақтайлар мен аспаптарды жуыңыз;
 - дайындаудан бұрын мұздатылған құсты толық ерітіңіз. Егер мүмкін болса, оны тоңазытқышта ерітіңіз, себебі суық бактериялардың көбеюін тоқтатады;
 - ет және балық өнімдерін жақсылап қуырыңыз;
 - шыбындар мен егеуқұйрықтардан, таракандардан қорғау үшін тамақтың бетін жабыңыздар;
 - етті және құс етін балықпен бірге бір ыдысқа салмаңыз және оларды дайындағанға дейін бөлек сақтаңыз;
 - Асханаларда, буфеттерде және кафелерде тамақтанған кезде өте сақ болыңыз;
 - Желінбей қалған тамақты тоңазытқышта, ал көкке шыққанда өнімдерді тасымалданатын тоңазытқыш камераларында сақтаңыз;
 - Шикі және дайын өнімдерді бөлек сақтаңыз.
- Бактериялар 4,4-тен 60 градусқа дейінгі температурада тез көбейеді. Мұндай температуралық интервалда өнімдерді сақтауға жол бермеңіз:
- өнімді тоңазытқышта сақтаңыз;
 - өнімді 60 градустан төмен емес температурада дайындаңыз және жылытыңыз.

Улагу



Тағамдық токсикоинфекция (ТТИ)

ТТИ-тұз алмасуының бұзылуымен, асқазан-ішек жолдарының жоғарғы бөлімінің симптомдарымен сипатталатын және адам ағзасынан тыс экзотоксин бөлуге қабілетті, шартты-патогенді бактериялар шақыратын жедел қысқа мерзімді аурулар.

Эпидемиологиясы: қоздырғыштардың табиғатта таралуы өте жиі кездеседі. Инфекция көздері пневмониямен ауыратын адамдар маститпен зардап шегуші жануарлар. Зақымдалу жолы: алиментарлы Бактериялардың токсин бөліп шығаратын штаммаларымен инфекцияланған тағамдарды қолданғанда ауру туады. Таралу факторлары: бактерияларға қоректік орта болып табылатын кез келген тағамдық өнімдер ТТИ шақыратындардың токсиндері жоғары. Топтық, экспозивті аурулармен сипатталады. Мезгілдік байқалмайды, бірақ жазғы мезгілде жиі кездеседі.

Патогенз: Инфекцияланған тағаммен бірге асқазанға көп мөлшерде экзотоксинмен бактерия түседі. Токсиндердің асқазанның шырышты қабатына әсер ету уақытынан клиникалық дамуына көп жағдайларда 30 минут кетеді (көбінесе 2-6 сағат).

Клиникалық белгісі

-Токсиннің түріне, дозасына, сонымен қатар тағамдық өнімдерде болатын бактерия табиғатты токсикалық заттарға байланысты.

-Тағамдық уланудың алдын алу үшін дұрыс сақтай білу жөн

-Энтеротоксиндер асқазан мен ішектің эпителиальды жасушаларымен байланысып, морфологиялық шараларды

шақырмай, ферментативті жүйеге эпителиоцит-аденилциклаза шырышты қабат жануарларында биологиялық активті заттар-ЦАМФ, цГМСФ сонымен қатар простагландин, гистамин, ішек гормандарының және т.б. түзілуі артады. Бұл өз кезінде асқазан мен ішектің сұйық және тұз бөлу секрециясын арттырады, осының нәтижесінде құсу мен іш өту пайда болады. Цитотоксин эпителиальды клеткалардың мембранасын бұзып, ондағы белок-синтез процесінің бұзылуына әкеледі. Бұл ішек қабырғасы арқылы белок табиғатты токсиндердің, ал кейде бактерияның өзі өтуіне әкеледі. Мұның бәрі цитотоксикацияның дамуына, микроциркуляцияның шырышты қабаттың жергілікті қабыну өзгерістеріне әкеледі. ТТИ-н ауыр кезеңі тағам өнімдерінде көп мөлшерде энтеротоксинмен цитотоксиннің жиналу кезінде байқалады.




Клиникасы



-Инкубациялық кезең 30 минуттан 24 сағатқа дейін. ТТИ-ң клиникалық көріністері бір-біріне ұқсас әртүрлі этиология түрінде өтеді. Барлық ТТИ-ға тән:

- өткір бастама
- жедел даму
- асқазан-ішек жолдарының бұзылуы (гастрит, гастроэнтерит)
- интоксикациялық синдром
- адекватты терапия кезінде симптомдардың жедел қайтымды дамуы



Пайдаланылған әдебиеттер:

-Жеке микробиология. Алматы 2008ж

-www.medical.kz

-Медицинская микробиология, вирусология, иммунология. Л.Б.Борисов 1994г

-Медицинская микробиология. Л.В.Дикий, Н.И. Коротяев

-<http://childs-illness.ru/index.php/infectious-diseases/367>
-[protey](#)

-http://kakbeololo.narod2.ru/chastnaya_mikrobiologiya/protei